

**Сатанова Әлима Ринатқызының**  
**«Қазақстан Республикасындағы адам папилломавирусына қарсы**  
**вакцинацияның тиімділігін талдау» атты тақырыбындағы**  
**8D10103 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)**  
**ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысына**  
**АҢДАТПА**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі**

Халықаралық қатерлі ісіктерді зерттеу агенттігінің (IARC) деректеріне сәйкес, жатыр мойны обыры (ЖМО) бүкіл әлем бойынша репродуктивті жастағы әйелдер арасындағы онкологиялық өлім-жітімнің жетекші себептерінің бірі болып қала беруде. 2022 жылы 600 мыңнан астам жаңа жағдай және 300 мыңнан астам өлім жағдайы тіркеліп, ЖМО-ны жаһандық қоғамдық денсаулық сақтау мәселесіне айналдырды. Бұл ретте, ерекше алаңдаушылық тудыратын жағдай – табысы төмен және орташа елдердегі ахуал, өйткені бұл елдерде алдын алу шараларымен, соның ішінде жатыр мойны обырының патогенезінде басты рөл атқаратын адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакцинациямен қамту жеткіліксіз деңгейде.

АПВ-тың 200-ден астам генотипі белгілі, олардың ішінен 14-і жоғары онкогенділік қасиетке ие. Атап айтқанда, 16 және 18-типтер жатыр мойны обырының 70%-ына жуығын құрайды. Қазіргі заманғы алдын алу стратегиялары АПВ-тың онкогенді типтерімен жұқтырудың және жатыр мойны эпителийіндегі обырға дейінгі өзгерістердің алдын алуда жоғары тиімділігін көрсеткен АПВ-вакциналарды енгізуді қамтиды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) жыныстық өмір басталғанға дейінгі кезеңде қыз балаларды вакцинациялауды бастапқы профилактиканың ең тиімді әдісі ретінде мойындаған.

Қазақстан Республикасында 2008 жылдан бастап жатыр мойны обырына қарсы мемлекеттік скрининг бағдарламасы іске асырылып жатқанына қарамастан, эпидемиологиялық көрсеткіштер тұрақты түрде жоғары деңгейде қалып отыр. Республикалық онкологиялық регистрдің деректеріне сәйкес, ЖМО-ның сырқаттанушылық көрсеткіші 100 мың әйелге шаққанда 18,9-ды, ал өлім-жітім көрсеткіші – 5,7-ні құрайды. Вакцинациямен қамтудың төмендігі, ақпараттық-ағартушылық жұмыстың жеткіліксіздігі, вакциналауға қарсы көзқарастар мен вакцинацияланған әйелдерге арналған сараланған скрининг стратегияларының болмауы бұл дерттің алдын алуды күрделендіріп отыр.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстанда 2013–2015 жылдары жүргізілген пилоттық жобаның аясында АПВ-қа қарсы вакцинацияның ұзақмерзімді нәтижелерін, оның цитологиялық көрсеткіштерге әсерін және халықтың хабардарлық деңгейін бағалауға бағытталған кешенді зерттеулер жүргізілмеген. Ғылыми негізделген деректердің болмауы скринингтік хаттамаларды жетілдіруге байланысты шешім қабылдауды қиындатады.

Мұндай жағдайда АПВ-вакцинацияның тиімділігін эпидемиологиялық және клиникалық тұрғыдан талдау ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Осыған байланысты аталған зерттеу Қазақстан Республикасындағы онкологиялық аурушандық пен өлім-жітімді азайтуға бағытталған денсаулық сақтау саласының басым міндеттеріне жауап береді және ЖМО-ның ұлттық деңгейдегі алдын алуына арналған ғылыми негізделген тәсілдерді әзірлеуге елеулі үлес қосады.

### **Зерттеу жұмысының мақсаты**

Қазақстан Республикасындағы АПВ вакцинациясының тиімділігін зерттеу

### **Зерттеу жұмысының міндеттері**

1. 2014–2023 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасындағы жатыр мойны обыры бойынша сырқаттанушылық пен өлім-жітім көрсеткіштеріне талдау жүргізу.

2. Қазақстан халқының әртүрлі топтары арасында адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакцинацияға қатысты хабардарлық деңгейі мен қабылдауын зерттеу.

3. АПВ-қа қарсы вакцина алған әйелдердің жатыр мойнының жай-күйін онкоцитологиялық зерттеу және ПТР тестілеу арқылы бағалау.

4. АПВ-қа қарсы вакцинация тиімділігін бағалау мақсатында вакцинацияланған және вакцинацияланбаған әйелдер арасындағы АПВ статусын анықтау.

5. Вакцинацияланған және вакцинацияланбаған популяция үшін жатыр мойны обырына қарсы скринингтің үлгісін әзірлеу және ұсыну.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеуде келесі әдістер қолданылды: ақпараттық-талдамалық, эпидемиологиялық, клиникалық, зертханалық-диагностикалық, аспаптық және статистикалық әдістер.

Екі тілде әзірленген сауалнама нысанын пайдалану арқылы жүргізілген анкеталық зерттеу 889 вакцинацияланбаған және 1121 вакцинацияланған респондентті қамтыды. Сауалнама барысында менструалдық функция, гинекологиялық анамнез, жыныстық белсенділік, контрацепцияны қолдану, созылмалы аурулардың болуы, сондай-ақ жатыр мойны обырының алдын алу шаралары, соның ішінде скрининг пен АПВ-қа қарсы вакцинация туралы хабардарлық деңгейі жөнінде мәліметтер жиналды.

Эпидемиологиялық талдау шеңберінде сырқаттанушылық пен өлім-жітім көрсеткіштері пуассондық және лог-сызықтық модельдер арқылы есептелді.

Қатысушы әйелдерге клиникалық тексеру гинекологиялық қарау, бимануальды зерттеу және биоматериал алу арқылы жүргізілді.

Зертханалық-диагностикалық және аспаптық әдістерге Cobas® 4800 HPV (Roche, Германия) валидацияланған жүйесін пайдалану арқылы АПВ-ты ПТР әдісімен анықтау, сондай-ақ Bethesda жүйесі (2014) бойынша жағындыларға цитологиялық талдау жасау енді. Цитологиялық жағындыларды Папаниколау әдісімен дәстүрлі бояу тәсілі қолданылды.

Алынған деректер жатыр мойны эпителийіндегі обырға дейінгі өзгерістер мен инвазивті обырдың даму қаупін арттыратын факторларды анықтау мақсатында статистикалық өңдеуден өткізілді.

### **Зерттеу нысаны**

Эпидемиологиялық зерттеу үшін Қазақстан Республикасының Электрондық регистрі онкологиялық аурулардың (ЭРОБ) мәліметтері, Ұлттық онкология орталығының есептері, «Поликлиника» медициналық ақпараттық жүйесінің деректері, сондай-ақ 2014–2023 жылдар аралығындағы жатыр мойны обырына қарсы скрининг нәтижелері пайдаланылды.

Клиникалық кезеңнің зерттеу нысаны ретінде – шартты түрде дені сау әйелдер арасындағы адам папилломасы вирусының (АПВ) таралуын бағалау мақсатында Алматы қаласында тұратын 889 әйел таңдалды. Вакцинацияланған топтың зерттеу нысаны ретінде 2013–2015 жылдары АПВ-қа қарсы вакцинамен иммундаудан өткен және Алматы, Астана, Павлодар, Атырау қалаларында тұратын 1121 әйел алынды.

### **Зерттеу пәні**

Қазақстан Республикасында тұратын әйелдер мен жасөспірімдер арасында адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакцинацияның тиімділігі, оның ішінде жоғары онкогенді АПВ типтерімен жұқтыру жиілігіне, жатыр мойнының обырға дейінгі жай-күйлерінің таралуына, халықтың скрининг және алдын алу шаралары туралы хабардарлық деңгейіне әсері, сондай-ақ вакцинацияланған және вакцинацияланбаған топтар үшін оңтайландырылған скрининг моделін әзірлеу.

### **Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар**

1. Қазақстандағы жатыр мойны обырына (ЖМО) қатысты соңғы 10 жыл ішіндегі эпидемиологиялық деректерге жүргізілген кешенді талдау аурушандық пен өлім-жітім көрсеткіштерінің тұрақты өсімін дәлелдейді және аймақтық ерекшеліктердің айқын көрініс табуын көрсетеді, бұл өз кезегінде нысаналы профилактикалық шараларды қабылдаудың өзектілігін айқындайды.

2. Зерттеу нәтижелері халықтың АПВ-қа қарсы вакцинация туралы хабардарлық деңгейінің төмендігін және вакцинадан бас тарту көрсеткішінің жоғарылығын растайды, бұл ЖМО-ның алдын алу шаралары туралы ақпараттық-ағартушылық жұмысты күшейтудің қажеттілігін көрсетеді.

3. АПВ-қа қарсы вакцинация жоғары онкогенді АПВ типтерімен жұқтыру жиілігін төмендетуде дәлелденген тиімділікке ие екенін көрсетті, бұл вакцинацияланған әйелдер арасында жатыр мойнының обырға дейінгі жай-күйлерінің азаюына тікелей әсер еткен.

4. Иммундаудан өткен популяцияға бейімделген скрининг моделі жас ерекшеліктері мен жеке қауіп факторларын ескере отырып, профилактикалық шараларды иммундық мәртебеге қарай оңтайландыру мүмкіндігін ұсына отырып, тиімділігін көрсетті.

### **Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы**

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде 2014–2023 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында жатыр мойны обырының (ЖМО) сырқаттанушылығы мен өлім-жітімінің тұрақты жоғары деңгейде сақталып отырғаны анықталды. Аурушандық орта есеппен 100 мың әйелге шаққанда 18,9-ды, ал өлім-жітім – 5,7-ні құрады. Эпидемиологиялық талдау скринингпен және вакцинациямен қамтылу деңгейімен тікелей байланысты аймақтық айырмашылықтардың айқын байқалатынын көрсетті. 889 қатысушыға жүргізілген сауалнама нәтижелері адам папилломасы вирусы (АПВ) және оның алдын алу шаралары туралы хабардарлық деңгейі вакцинацияланған әйелдер арасында айтарлықтай жоғары екенін көрсетті. Атап айтқанда, вакцинацияланған қатысушылардың 88,3%-ы АПВ туралы хабардар болған, ал вакцинацияланбаған топта бұл көрсеткіш небәрі 39,6%-ды құрады. Вакцинация мүмкіндігі туралы вакцинацияланғандардың 92,1%-ы білсе, вакцинацияланбағандар арасында бұл көрсеткіш тек 31,2%-ды құрады ( $p < 0,001$ ), бұл статистикалық тұрғыдан маңызы бар айырмашылықты көрсетеді.

АПВ таралуын зерттеу нәтижесінде вакцинацияланған әйелдер арасында АПВ-инфекция 0,8% жағдайда анықталса, вакцинацияланбағандар арасында бұл көрсеткіш 14,5%-ды құрады ( $p < 0,001$ ). Вакцинация жоғары онкогенді АПВ типтерімен, соның ішінде 16 және 18-типтермен жұқтыру жиілігін айтарлықтай төмендеткенін көрсетті, бұл АПВ-ке байланысты аурулардың алдын алудағы тиімділігін дәлелдейді. Bethesda жүйесі (2014) бойынша жүргізілген цитологиялық жағынды талдауының нәтижесінде вакцинацияланған әйелдердің 96,2%-ында нәтижелер қалыпты цитологиялық көрініске (NILM) сәйкес келсе, вакцинацияланбаған топта бұл көрсеткіш 78,4%-ды құрады. Жоғары дәрежелі обыралды зақымдану (HSIL) тек вакцинацияланбаған топта ғана тіркелді.

Алынған деректер негізінде вакцинацияланған және вакцинацияланбаған халық топтары үшін эпидемиологиялық және клиникалық-анамнездік ерекшеліктерді, жыныстық өмірдің басталу жасын, вакцинация мәртебесін, АПВ-тест нәтижелері мен цитологиялық зерттеу көрсеткіштерін ескеретін сараланған скрининг моделі әзірленді. Бұл модель профилактикалық бағдарламаларды оңтайландыруға және денсаулық сақтау ресурстарын ұтымды пайдалануға бағытталған.

### **Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы**

1. Қазақстан Республикасында жатыр мойны обыры бойынша сырқаттанушылық пен өлім-жітімнің соңғы он жылдағы динамикасын тереңірек зерттеу алғаш рет жүргізіліп, эпидемиологиялық жағдайдағы негізгі тенденциялар мен аймақтық ерекшеліктер анықталды.

2. Қазақстан халқының әртүрлі топтары арасында адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакцинацияға қатысты хабардарлық деңгейі мен қабылдауы алғаш рет зерттеліп, вакцинация бағдарламасының сәтті іске асырылуына кедергі келтіретін негізгі бөгеттер мен қиындықтар анықталды.

3. Қазақстанда алғаш рет адам папилломасы вирусына қарсы вакцинация бағдарламасының кешенді тиімділігі бағаланды, ол жоғары онкогенді АПВ типтерімен жұқтыру жиілігінің айтарлықтай төмендегенін және вакцинацияланған әйелдер арасында обырға дейінгі жағдайлардың азайғанын он жыл ішінде көрсетті.

4. Репродуктивті жастағы әйелдер арасында адам папилломасы вирусының таралуы жөніндегі зерттеу алғаш рет жүргізілді. Бұл маңызды топтағы жұқтыру тенденцияларын айқындап, жас әйелдер арасында вакцинацияны кеңейту және тиімді профилактика стратегияларын әзірлеу үшін маңызды мәліметтер берді.

### **Алынған нәтижелердің тәжірибелік маңызы**

Зерттеу нәтижелері адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакциналардың жоғары онкогенді типтеріне, соның ішінде АПВ 16 және 18 типтеріне жұқтыру жиілігін төмендетудегі тиімділігін растады. Бұл Қазақстан Республикасында ұлттық вакцинация бағдарламаларын әзірлеуге және кеңейтуге негіз болып табылады, ол жатыр мойны обырының сырқаттанушылығы мен өлім-жітімін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

Халықтың әртүрлі топтарындағы АПВ таралуы жөніндегі деректер скрининг және алдын алу бағдарламаларын жетілдіруге септігін тигізеді. Бұл қауіпті топтарды уақтылы анықтап, оларға бағытталған кешенді профилактикалық шараларды ұйымдастыруды тиімді етуге мүмкіндік береді.

Қазақстандағы жатыр мойны обырының сырқаттануы мен өлім-жітімінің салыстырмалы анализі аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, мақсатты профилактикалық бағдарламалар құруға қажетті маңызды ақпарат береді. Бұл медициналық араласулардың тиімділігін арттырып, ең осал аймақтарда сырқаттанушылық деңгейін төмендетуге көмектеседі.

Зерттеу нәтижелері жатыр мойны обырымен күресуге бағытталған денсаулық сақтау бастамаларын негіздеуге және қолдауға ғылыми дәлелдемелік база ұсынады.

Сонымен қатар, зерттеу вакцинацияның және жүйелі скринингтің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Вакцинацияның артықшылықтары мен тиімділігі туралы ақпаратты тарату халықтың хабардарлығын арттырып,

вакцинацияны қамту деңгейін жоғарылатуға және АПВ мен оған байланысты аурулардың таралуын азайтуға ықпал етеді.

Зерттеу деректері жатыр мойны обыры және АПВ алдын алу саласындағы халықаралық тәжірибе алмасу мен ынтымақтастық үшін де пайдалы болуы мүмкін.

### **Докторанттың жеке үлесі**

Автор Қазақстандағы жатыр мойны обырына қатысты аурушандық пен өлім-жітім көрсеткіштерін талдауға арналған зерттеу тұжырымдамасын әзірлеуге, деректерді жинау мен талдауды ұйымдастыруға белсенді түрде қатысты. Зерттеудің клиникалық кезеңін үйлестіру, онкоцитологиялық және АПВ-қа ПТР жағындыларын жинау тікелей автордың жеке қатысуымен жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, автор алынған деректерге статистикалық өңдеу жүргізіп, негізгі ғылыми тұжырымдар мен АПВ-қа қарсы вакцинация бағдарламасын оңтайландыру бойынша ұсыныстарды әзірледі. Жұмыстың маңызды бөлігі ретінде ғылыми мақалаларды дайындау және зерттеу нәтижелерін ғылыми конференцияларда ұсыну да автордың тікелей қатысуымен орындалды.

### **Қорытынды:**

1. 2014–2023 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында жатыр мойны обыры бойынша аурушандық пен өлім-жітім деңгейі жоғары күйінде қалып отыр. Аурушандықтың орташа көрсеткіші – 100 мың әйелге шаққанда 18,9 жағдайды, ал өлім-жітім – 5,7 жағдайды құрады. Ең жоғары эпидемиологиялық жүктеме скрининг пен профилактикалық бағдарламалармен қамту деңгейі төмен аймақтарда тіркелді.

2. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, вакцинацияланған әйелдер адам папилломасы вирусы (АПВ) және оның алдын алу шаралары туралы айтарлықтай жақсы хабардар. Атап айтқанда, вакцинацияланғандардың 88,3%-ы АПВ туралы естіген болса, вакцинацияланбағандар арасында бұл көрсеткіш небәрі 39,6%-ды құрады. Вакцинация мүмкіндігі туралы вакцинацияланғандардың 92,1%-ы хабардар болса, вакцинацияланбағандарда бұл көрсеткіш – 31,2%. Бұл айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан мәнді ( $p < 0,001$ ) және вакцинацияланған топтың алдын алу мінез-құлқы мен хабардарлығының жоғары екенін дәлелдейді.

3. Вакцинацияланған әйелдердің арасында цитологиялық көрсеткіштердің қалыпты нәтижелері (NILM) 96,2%-ды құрады. LSIL жиілігі – 1,8%, ал HSIL тіркелмеген. ПТР-диагностика нәтижелері бойынша вакцинацияланған әйелдердің тек 0,8%-ында ғана жоғары онкогенді қауіпі бар АПВ анықталды, бұл көрсеткіш вакцинацияланбағандарда – 14,5%. АПВ

16 және 18 типтері негізінен вакцинацияланбаған топта анықталды, бұл АПВ-қа қарсы вакцинацияның жоғары тиімділігін көрсетеді.

4. Вакцинацияланбаған әйелдер арасында жоғары онкогенді қауіпі бар АПВ-инфекцияның жиілігі – 14,5%, ал вакцинацияланғандар арасында – 0,8%. Цитологиялық ауытқулардың (ASCUS, LSIL, HSIL) жиілігі вакцинацияланбағандарда – 21,6%, вакцинацияланған топта – 4%-дан төмен. Бұл деректер вакцинацияланған әйелдер арасында АПВ-инфекциясы мен обыр алды жағдайлардың төмендегенін дәлелдейді.

5. Сараланған скрининг моделі ұсынылды: вакцинацияланған әйелдер үшін - алғашқы АПВ-тест және цитологиялық зерттеу 25 жастан бастап әр 5 жыл сайын; вакцинацияланбағандар үшін - жыл сайынғы цитологиялық зерттеу, ауытқулар болған жағдайда қосымша ПТР-талдау мен кольпоскопия жүргізу мүмкіндігі қарастырылған.

### **Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін апробациялау**

Зерттеу материалдары келесі конференцияларда ұсынылып, талқыланды: Қазақстан онкологтары мен радиологтарының VIII конгресі, Түркістан, 14-16 қазан 2021 ж.; ТМД және Еуразия елдерінің онкологтары мен радиологтарының XIII конгресі, Қазақстан Республикасында АПВ вакцинациясын енгізу жөніндегі конференция, 20 тамыз 2024 ж., Шымкент, Қазақстан.

**Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен нәтижелері келесі конференцияларда баяндалды:**

- 1) IGCS жыл сайынғы жаһандық жиналысы, цифрлық, 10-13 қыркүйек 2020 ж.
- 2) ASCO жыл сайынғы жиналысы, виртуалды, 29-30 мамыр, 2020 ж.
- 3) IGCS жыл сайынғы жаһандық жиналысы, цифрлық (плакат презентациясы), 30 тамыз – 2 қыркүйек, 2021 ж.
- 4) ASCO жыл сайынғы жиналысы, виртуалды 4-8 маусым, 2021 ж
- 5) Қазақстан онкологтары мен радиологтарының VIII съезі, Түркістан, 14-16 қазан 2021 ж. (ауызша баяндама).
- 6) ТМД және Еуразия елдері онкологтары мен радиологтарының XIII конгресі, 2022 ж. 27-29 сәуір. Алматы қ., Қазақстан (ауызша баяндама).
- 7) Гинекологиялық онкология бойынша 23-ші Еуропалық конгресс, 27-30 қазан, 2022 ж. Берлин, Германия (плакат) есеп).
- 8) ASCO Жыл сайынғы Кездесу 2022 - 2022 ж. 3-7 маусым, Чикаго (АҚШ) (плакат презентациясы).
- 9) Гинекологиялық онкология бойынша 24-ші Еуропалық конгресс, 28 қазан - 1 қараша 2023 ж., Стамбул, Түркия.
- 10) «Қазақстан Республикасында HPV вакцинациясын енгізу», 20 тамыз 2024 жыл, Шымкент, Қазақстан (ауызша баяндау).

11) 2024 IGCS Жылдық Ғаламдық Кездесу , 16-18 қазан, Дублин, Ирландия ( плакат презентациясы).

12) С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің С.Н. Нұғманов атындағы онкология кафедрасының кеңейтілген мәжілісі, № 9, 2025 жылғы 16 сәуір.

### **Диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар**

Диссертациялық материалдар негізінде 17 баспа жұмыстары жарық көрді, оның ішінде:

#### **Scopus-те:**

1. Адам папилломавирусына қарсы вакцинацияның тиімділігі  
Қазақстан мақаласы Asian Pacific Journal of Cancer Prevention, 25-том, 2-шығарылым, ақпан 2024 ж. DOI: 10.31557/APJCP.2024.25.2.681 (Scopus - 46%, WoS -Q3) 7 Райхан Болатбекова , Ерлан Кукубасов , Сәния Өсікбаева , Диляра Қайдарова

### **II. ҚР МНВО КОКСНВО ұсынған басылымдар тізіміне енгізілген журналдарда жарияланған мақалалар**

1. Жатыр мойны обырын жоюдағы АПВ вакцинациясының рөлі: Әдебиеттік шолу мақаласы АЗАХСТАН ОНКОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ РАДИОЛОГИЯ – 2022, № 2 (64), 79-83.

2. . Жатыр мойна кәтерлі ісігін Тудыратын Адам папилломавирустар елемде. Таралуы: Әдебиеттерге Шолу мақаласы ОНКОЛОГИЯ ЖӘНЕ РАДИОЛОГИЯ Қ АЗАХСТАН – 2022, № 3 (65), 42-46.

3. Алматы Қаласындағы Иса әлгі арасында Жатыр мойна обырының кәуі б фабрикалық ерлер хабардарлығы бағалау. Мақала ОНКОЛОГИЯ ЖӘНЕ РАДИОЛОГИЯ Қ АЗАХТАНА – 2023, № 1 (67), 14-18.

4. 2005-2022 жж. Алматы қаласы бойынша жатыр мойны обырымен сырқаттанушылық және өлім көрсеткіштері. Мақала ОНКОЛОГИЯ ЖӘНЕ РАДИОЛОГИЯ Қ АЗАХТАНА - 2023. - No 2(68), 9-14.

5. Қазақстан Республикасында АПВ-на қарсы вакцина жасалған қыздардың репродуктивті денсаулығының Джей-куин Бағалау мақала ОНКОЛОГИЯ ЖӘНЕ РАДИОЛОГИЯ Қ АЗАХСТАН - 2024. - No 2(72), 4-7.

### **III. Халықаралық конференциялар материалдарындағы ғылыми еңбектер тізімі және т.б.**

1. Қазақстандағы жатыр мойны обырындағы онкологиялық қызмет көрсеткіштерін бағалау өзгерістері реферат IGCS Annual Global Meeting, Digital ( постер есеп ), 10-13 қыркүйек 2020 ж.

Гинекологиялық кәтерлі ісік халықаралық журналы , 2020 ;30:A42. doi.org/10.1136/ijgc-2020-IGCS.74 (Scopus - 51%, WoS – Q2).

2. Қазақстандағы жатыр мойны обырының скринингтік бағдарламасының мүмкіндіктері мен қиындықтары: імРАСТ шолуынан кейінгі нәтижелер. реферат ASCO жыл сайынғы жиналысы,



виртуалды мамыр , 2020 жыл Клиникалық онкология журналы 38-том, № 15\_ қосымша doi.org/10.1200/JCO.2020.38.15\_suppl.e18020 (Scopus - 98%, WoS – Q1).

3. Жатыр мойны обырының жалпы өмір сүру және уақыт тенденциялары Алматы, Қазақстан реферат IGCS Annual Global Meeting, Digital ( постер есеп ), 2021 жылғы 30 тамыз - 2 қыркүйек Гинекологиялық қатерлі ісік халықаралық журналы , 2021 ;31( 4- қосымша ):A1-A153 doi.org/10.1136/ijgc-2021-IGCS.156 (Scopus - 51%, WoS – Q2).

4. Жатыр мойны обырының скринингі: Қазақстанның Ұлттық скринингтік бағдарламасының он екі жылдық тәжірибесі. реферат ASCO жыл сайынғы жиналысы, виртуалды.

2021 жылғы 4-8 маусым Клиникалық онкология журналы 39(15\_suppl):e17520-e17520 doi.org/10.1200/JCO.2021.39.15\_suppl.e17520 (Scopus - 98%, WoS – Q1).

5. Алматы қаласында жас әйелдер арасында HPV инфекциясының таралуы, Қазақстан Аннотация Гинекологиялық онкология бойынша 23-ші Еуропалық конгресс, 27-30 қазан , 2022 ж. Берлин , Германия ( Плакат). есеп ) Халықаралық гинекологиялық қатерлі ісік журналы 32( 2- қосымша ):A376.1-A376 DOI:10.1136/ijgc-2022-ESGO.806 (Scopus - 51%, WoS – Q2).

6. Алматы қаласындағы жас әйелдерде HPV және цитологиялық ауытқулардың таралуы , Қазақстан Аннотация ASCO Annual Meeting 2022 - 3-7 маусым 2022 ж . , Чикаго ( АҚШ )) Клиникалық онкология журналы, 40 том, № 16\_suppl маусым 2022 doi.org/10.1200/JCO.2022.40.16\_suppl.e2250 (Scopus - 98%, WoS – Q1).

7. Алматыда жас әйелдер арасында жатыр мойны обырының қауіп факторларын бағалау туралы ақпарат беру Аннотация Гинекологиялық онкология бойынша 24-ші Еуропалық конгресс, 28 қазан – 1 қараша 2023 ж., Стамбул, Түркия. Гинекологиялық қатерлі ісік халықаралық журналы, 2023 ; 33( 3- қосымша ):A61.2-A62 doi.org/ 10.1136/ijgc-2023- ESGO.123( Scopus - 51%, WoS – Q2) 2.

8. Қазақстандағы әйелдер арасында АПВ вакцинациясына қатысты көзқарастар мен түсініктер реферат 2024 IGCS жыл сайынғы жаһандық жиналысы, 16-18 қазан , Дублин , Ирландия ( плакат). есеп ) Гинекологиялық қатерлі ісік халықаралық журналы, 2024;34 ( Қосымша 3):A1-A391. doi.org/ 10.1136/ijgc-2024-IGCS.315 (Scopus - 51%, WoS – Q2).

#### **IV. Басқа ғылыми журналдардағы жарияланымдар**

1. Жатыр мойны обырын жою бағдарламасының мақаласы. - Медицинадағы пәнаралық тәсілдер - 2021, 2(1), 19-21.

#### **V. Әдістемелік нұсқаулар мен әдістемелік ұсыныстар**

1. Жатыр мойны обырының ерте диагностикасы. Әдістемелік ұсыныстар. - ISBN 978-601-7548-22-3.

2. Қазақстан Республикасындағы HPV вакцинациясының бағдарламасындағы коммуникациялар. Әдістемелік ұсыныстар. - ISBN 978-601-7548-31-5.

**Диссертацияның көлемі және құрылымы**

Диссертация 106 бетті қамтиды, кіріспеден, үш негізгі тараудан, негізгі тұжырымдар мен практикалық ұсыныстармен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыста 196 әдеби дереккөз, 10 кесте және 26 сурет ұсынылған.